

С момента принятия государственной независимости Казахстана каждое третье воскресенье августа отмечает как День спорта. Благодаря непосредственной поддержке Главы государства Нурсултана Назарбаева спорт высших достижений и физкультурное движение являются одними из значимых приоритетов государственной политики. И доказательством тому служат успехи наших олимпийцев в Лондоне четыре года назад и сейчас в Бразилии. Уважаем любителей здорового образа жизни и физкультуры! Поздравляем вас с днем спорта! Желаем крепкого здоровья и громких побед в повседневной жизни!



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 34 (929)

19 тамыз 2016 жыл

Жұма



«Нур Отан» призывает к активности

Недавно район посетил заместитель председателя областного филиала партии «Нур Отан» Садык Абдикадыров, который провел разяснительную работу с жителями отдаленных сел по Плану нации – 100 конкретных шагов по реализации 5-ти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева. Областного гостя сопровождал первый заместитель председателя Караталского районного филиала партии «Нур Отан» Берик Абаков.

Первая встреча прошла в селе Байчегир Канбақтинского сельского округа, где население главным образом занимается животноводческой деятельностью. Во время разъяснения стратегического документа, Садык Абдикадыров подробно рассказал и о новом проекте «Занятость на селе», реализуемый партией «Нур Отан» совместно с министерством здравоохранения и социального развития нашей страны и призвал сельчан принять в этом самое активное участие. Затем, гости ознакомились с работой первичной партийной организации, посетили сельскую больницу и СШ им. Абая.

В тот же день, Садык Нурсапаулы побывал и в рыбацком поселке Копберлик, Кызылбалыкского сельского округа, где провел аналогичную работу с населением. В ходе поездки на глубину он взял на заметку поднятые местными жителями проблемные вопросы, которые касались открытия почтового отделения и ремонта дороги.

Н. ИВАНОВА



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Аптаның сейсенбісінде №51 орта мектеп-гимназиясының мәжіліс залында Қаратал ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы болып өтті.

Отырыстың күн тәртібінде Қаратал ауданының Қоғамдық кеңесінің І жарты жылдықта атқарған жұмыстары туралы, Айту би округінің әкімдігінің қоғамдық, саяси және әлеуметтік бағыттағы жұмыстарының жартыжылдық есебі және осы ауылдық округте өткізілген бақылаудың қорытындысы туралы мәселелер қаралды. Бірінші мәселе бойынша баяндама жасаған қоғамдық кеңестің төрағасы Тұрсын Оспанов жан-жақты мәліметтер берді. Тұрсын Молдағалымұлының сөзіне қарағанда, 2016 жылдың 9 ақпанында Қоғамдық кеңесті қалыптастыру бойынша жұмыс тобының мүшелігіне коммерциялық емес ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстарын негізге ала отырып, Қаратал аудандық мәслихат хатшысының өкімімен Қоғамдық кеңестің жұмыс тобы мүшелерінің тізімі бекітілді. 17 ақпанда жұмыс тобының отырысы өткізіліп қоғамдық кеңес мүшелерінің сандық құрамы және қоғамдық кеңес туралы Ереже жобасы әзірленді. Аудандық Қоғамдық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 22 ақпанда 15 адамнан тұратын аудандық Қоғамдық кеңесінің құрамы бекітілді және осы күні алғашқы отырысы өткізілді. Содан бері сегіз отырыс өткізіліп, әр түрлі түйткілді мәселелердің түйіні тарқатылды. Бүгінде Қоғамдық кеңеске бөлме беріліп, телефон желісі орнатылды. Бірінші мәселені талқылау барысында жарыссөзде Қоғамдық кеңестің мүшесі Сарқыт Дәркенбаева сөз сөйледі. Шешім қабылданып, аудандық Қоғамдық кеңесінің І жарты жылдықта атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылды.

Отырыстың күн тәртібінде көтерілген екінші мәселе бойынша Марат Құсайынов баяндама жасап, Үшінші мәселе бойынша Айту би округінің әкімі Болы Батырбаев есеп берді. Баяндамашылардың берген есептері назарға алынып, тиісті шешімдер қабылданды.

Өз тілшіміз.

Төл мерекелерімен құттықтады

Дүйсенбі күнігі аппараттық жиында ауданымыздың бірқатар салық қызметкерлері және құрылысшылары төл мерекелеріне орай өңір басшысы Қайрат Бисембаевтың алғыс хаттарымен марапатталды. Олардың қатарында Г.Бейсенбекова, Т.М.Ким, Е.Есимханов, А.Азанбеков, О.Жаныбеков, С.Тайбулдинов, Шилебаев, А.Коженов, А.Пусурмановтар бар. Аудандық мәслихаттың алғыс хатын Данияр Желдібаев иеленді. Ал «ҚР Мемлекеттік кірістер органының үздігі» атанған Қаратал ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Төленті Керімбековке аудан әкімі Қ. Бисембаев медалін табыстады.

«Бастау-ақпарат»

Аудан әкімінің 2016 жылғы 05 тамыздағы № 06-ө – өкімімен
«Қаратал ауданының жолаушылар келігі және автомобиль жолдары
бөлімі» ММ-нің басшысы болып

НҮРҒАЛИЕВ ЕРМЕК КӘКІМБАЙҰЛЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

1981 жылы 04 қарашада Қаратал ауданы, Үштөбе қаласында дүниеге келген.

Білімі жоғары: 2005 жылы Орта Азия университетін экономист – қаржыгер мамандығы бойынша, 2009 жылы Орта Азия университетін – заңтану мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолы: 2009 - 2013 ж.ж. - «Қаратал аудандық мәслихаты аппараты» ММ-нің жетекші маманы, бас маман-заңгері; 2013 - 2016 ж.ж. - Тастөбе ауылдық округінің әкімі. Үйленген, екі баласы бар.



К СВЕДЕНИЮ РУКОВОДИТЕЛЕЙ УЧРЕЖДЕНИЙ, ПРЕДПРИЯТИЙ, НЕЗАВИСИМО ОТ ФОРМ СОБСТВЕННОСТИ!

В связи с приближением праздника - Дня Конституции, просим вас в срок до 23.08.2016 г. празднично оформить здания: вывесить лозунги и флаги, а так же навести порядок на своей прилегающей территории, убрать траву, вывезти мусор и т.д.

К. ОНГАРОВ, и.о. акима города Уштобе

Еңбек күні

ЕҢБЕК, СЕҢІҢ МӘҢГІ БИІК ЕСІМІҢ!

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығымен қыркүйек айының соңғы
жексенбісі Еңбек күні болып белгіленген.

Жалпыға ортақ еңбек Қоғамын құру туралы идеясы шеңберінде жалпыұлттық еңбекке деген ынты жiгерiн арттыру мақсатындағы мемлекет басшысының тапсырмасы елiмiздiң түкпiр-түкпiрiнде жоспарлы түрде атқарылуда. Осыған орай аптаның дүйсенбiсiнде аудандық мәдениет үйiнде «Еңбек күнiне» арналған салтанатты жиын болып өттi.

Еңбек, сенiң мәңгi биiк есiмiң,
Туған жерге еңбек етсең несi мiн.
Адал еңбек абыройды арттырып,
Еселей бер, еңбеккердiң несiбiн.

Еселi еңбектiң арқасында Қазақ Елi бар әлемге танылып, жылдан жылға көркейiп келедi. Елге жайлы бақ орнатқан күндiз күмiс, түнде алтын аққан Қараталдың жерi де әр кезде елiнiң еңбегiмен ырысы артып, еңбеккерлерiн ардақ тұтқан өрiстi өлке. Еңбек күнi мерекесiнде Еңбек ардагерлерiне қошемет көрсетiлiп, сахна төрiне шақырылды. Олардың қатарында Қаратал ауданының құрметтi азаматтары, көптеген марапаттардың иегерлерi: Социалистiк Еңбек Ерi, «Қаратал» қой совхозында ұзақ жылдар бойы маңдайалды шопаны болып еңбек еткен -Төлеген Құлахметов; бiлiм саласының үздiгi, К. Тоқаев атындағы қордың төрайымы Валентина Спиридонова; тыл еңбеккерi, партия жолында ұзақ жылдар еңбек еткен - Михаил Гвак; теміржол саласында 40 жыл аянбай еңбек еткен Құрметтi теміржолшы - Петр Кирьянов; Қазақстан журналистер Одағының мүшесi, Қазақстанның құрметтi журналисi, өмiрiне қаламды серiк еткен – Мәкен Өсербаева; облыстық мәслихаттың бiрнеше шақырылымының депутаты - Тұрсын Оспанов; Жаңаталап ауылдық дәрiгерлiк амбулаториясында 1971 жылдан бастап бүгiнгi күнге дейiн адал қызмет атқарып жүрген, «Шапағат» медалiнiң иегерi - Мейiз Нұрқасымова; Үштөбе ет комбинатында 36 жыл еңбек еткен - Мәрзия Дегелбаевалар болып, құрмет-қошеметке бөлендi. Аудан әкiмi Қайрат Бисембаев жиналғандардың алдында мерекелiк құттықтау сөз сөйледi. Iзiнше, өңiр басшысымен мәслихат хатшысы Бақыт Смаилов Еңбек ерлерiнiң ықтарана шапан жауып, камзол кигiздi. Ерен еңбектерi еленген жандардың атынан құттықтау сөз сөйлеу құрметiне бөленген Мейiз Нұрқасымқызы мен Валентина Григорьевна жүрекжарды лебiздерiн бiлдiрдi. Келесi кезекте әулетiмен бiрге бiр мамандықты таңдап толық игерген отбасыларға арнайы сыйлықтар мен аудан әкiмiнiң алғыс хаттары табысталды.

«Ең үздiк еңбек әулетi» номинациясымен Мұрат Биболов, Толқын Өбенова, Сұлтанқазы Өмiрбаев марапатталды. «Өндiрiстiң үздiк жас жұмыскерi» номинациясында Жанар Қойшыбаева, Серiкжан Жексембиев, Өсем Дүйсенқұловалар марапатталса, «Жұмыс iстейтiн жастардың үздiк тәлiмгерi» номинациясында жеңiмпаз болып Алтай Смаилов, Пётр Ли, Ирина Зимовцовалар танылды.

Шара соңы мерекелiк концертке ұласты.

Л. ЖАНБОТА



В минувший вторник в районном Доме культуры прошел инвестиционный форум, с участием заместителя руководителя Алматинского областного Управления предпринимательства и индустриально – инновационного развития Тамерлана Разбекова. Его организатором стал райотдел предпринимательства, при поддержке руководства района.

ДЛЯ РОСТА ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ЭКОНОМИКИ

Началось мероприятие с ознакомления с экспонатами выставки продукции, производимой ведущими каратальскими предприятиями. В частности, были выставлены строительные материалы ТОО «Тамас», кремний ТОО «МК «KazSilicon», молочные продукты ТОО «Уштобе – Айдын», одежда ТОО «Камкор», кондитерские изделия и полуфабрикаты ИП «ЛАД», пластиковые изделия ТОО «КараталПласт», музыкальные инструменты ИП «Аяулым» и многое другое. Затем, продемонстрировался видеоролик об инвестиционной привлекательности района. Со вступительной речью,

выступил аким района Кайрат Бисембаев, отметивший, что в Плате Нации Глава государства Нурсултан Назарбаев обозначил 100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ, необходимых для вхождения Казахстана в 30-ку развитых стран в новых исторических условиях. Отечественный малый и средний бизнес располагает огромным потенциалом, который может и должен быть в полной мере задействован и направлен на всестороннее служение обществу. Затем, глава региона рассказал о планах по привлечению инвестиций в район а так же о том, чем привлекателен район для вложения инвестиций, подчеркнул при этом его благоприятные климатические условия, удобное географическое расположение, богатые месторождения полезных ископаемых: гранодиорита, строительного песка, жильного кварца, сульфата натрия, поваренной и кормовой соли и многое другое, включая квалификацию рабочих кадров и трудолюбие населения. В завершении выступления районный руководитель призвал предпринимателей совместно осуществлять задачи, поставленные Президентом страны, одновременно способствуя дальнейшему экономическому подъему и реализации новых возможностей района.

Следом, прошла презентация двух проектов, один из которых был связан со строительством солнечной электрической станции, представленный ТОО «АлматыЭнергоПроджект». Затем, выступили главный менеджер регионального центра развития Алматинской области Алуа Оразбаева и специалист Дарья Воробьева, подробно рассказавшие присутствовавшим о существующих мерах государственной поддержки бизнеса. Далее, состоялось двухстороннее подписание меморандума между акимом района и руководителями ТОО «АлматыЭнерго Проджект», ТОО «ТастөбеАгроФуд», ТОО «АгроИн-вестКаратал», ТОО «ЛМЗ», ИП «ЛАД» и ИП «Стамбеков» о совместном взаимовыгодном сотрудничестве. Реализация проектов данными предприятиями придется на 2016 – 2017 годы и принесет району инвестиции, в сумме более 5 млрд. тенге.

С. ДАРКЕНБАЕВА





Мәдениет күні

Өткен аптаның бейсенбiсiнде Қарашеңгел ауылдық округiндегi дәстүрлi мәдениет күнi қос бiрдей қуаныш жағдайында үндестiк тапқандығымен ерекшелендi. Оның ең бастысы жазғы Олимпиадаға қатысушы, ел намысын қорғаушы сайыпқыран спортшыларымыздың бiрi күмiс, ал екiншiсi алтын медаль алып айды аспанға шығарды. Ал келесi қуаныш жаңа оқу жылы қарсаңында шалғайда орналасқан Қарашеңгел ауылында жаңадан бой көтерген толық емес орталау мектептiң пайдалануға беру салтанаты болатын.

ҚОС БІРДЕЙ ҚУАНЫШ

Аудан орталығынан біршама шеткері орналасқан Қарашеңгел атырабы мал өсіріп, егін егуге қолайлығы жағынан таптырмас өңір. Жері сулы да нулы, елі берекетті. Ата-жұрттан аулақтап, қоныс аударушылар некен- саяқ. Туған жерге тамырын терең жіберушілерге Үкімет тарапынан жасалып отырған қамқорлық та шексіз. Ауылға келетін күре жолға күрделі жөндеу жүргізілген, айнадай тегіс. «Ақ бұлақ» бағдарламасы негізінде ауыз су жүргізілді. Кәсіпкер жігіттердің көмегімен Алланың жердегі үйі – сәулетті мешіт бой көтерді. Енді, міне соның қатарына жаңа үлгідегі мектеп ғимараты қосылып отыр.

Қызылды-жасылды лента және шармен безендірілген мектептің ашылу жиынына ауыл тұрғындары көптеп жиналды. Ең алдымен республикалық «Ақ орамал» акциясы аясында ауылдың алтын алқалы бір топ ардақты аналарына ақ орамал тарту етілді. Бұл рәсімді аудан әкімі Қайрат Бисембаев атқарып, құттықтау сөз сөйледі. Алтын құрсақты аналар атынан ардагер ана Қыдырмаш Қалиева рахмет сезімін жеткізіп, ашылғалы отырған білім ордасының іші

мылжыта орындауындағы патриоттық «Қазағым» мен ғашықтық сағынышқа толы «Япыр-ай» әні ауыл көгінде қалықтады.

Көздің жауын алатын жаңа мектептің табалдырығынан аттап, алғашқы қоңырауын соғу рәсімі алдында аталған білім ошағының бір топ шәкірттері кезектесе жыр шумақтарын орындады. Олардың: «Жақсылықты жақтаймыз, бәрін біліп жаттаймыз. Кітаппенен дос болып, ел сенімін ақтаймыз. Жаңа мектеп құт болып, ізгілік оты жағылсын. Тұсауы бүгін кесіліп, алғашқы қоңырау қағылсын!»-деген пәк ниетті жүрекжарды лебіздері шадыман шаттықтың шырайын арттыра түсті. Ізінше көгілдір лента қиылып, шашу шашылды. Сыңғырлап қоңырау қағылды. Шағын ауылдағы жаңа мектептің ашылу қуанышына ортақтаса келген ағайындар кеңінен жайылған ақ дастарханнан дәм татты.



Бисембаев, Жолбарыс батыр ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Ж. Бейсембаев құттықтау сөз сөйледі. Округтегі өнерлі жандардан топтастырылған хор ақын Т. Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Қазақстан» әнін келістіре шырқады. Облыстық филармонияның «Алтынай» ән-би ансамблінің халық бин мың бұрала орындады. Кезек салмақты көркем-сөзге беріліп, Астана қаласында өткен республикалық «Ақ көгершін» шығармашылық байқауының жүлдегері Сабина Асқарқызы К. Ахметованың «Сен қазақсың» жырын әсерлі

жеткізді. Болашағынан мол үміт күттіріп жүрген өнерлі жас А. Нұрсұлтан күйші Т. Момбековтың «Салтанат» күйін төгілдірді. Мектептің жоғары сынып оқушылары дайындаған «Ызғарлы Желтоқсан» драмалық көрінісі азаттықты аңсаған жастардың арасынан суырылып шығып, басын қатерге тіккен, осы жолда мерт болған батыр ұланымыз Қайрат Рысқұлбековтің ерлік іс-әрекетіне арналды. Тамашалаушылар арасында ызғарлы жылды көзге елестеткен көрініске көңілдері босап, көзге жас алушылар да ұшырасты. Республикалық «Ақ орамал» акциясы аясында жүз жасаған ардақты ана Зәуре әже мен ауылдың бір топ көп балалы аналарына құрмет көрсетіліп, сый-сияпат жасалынды. Бұл рәсімді округтің аналар Кеңесінің төрайымы Күлпан Иманбаева жасады. Шаттықты мереке ауыл және балалар шығармашылық орталығының өнерпаздарының ән шашуына ұласты. Осылайша аталған Мәдениет күні ауыл кешін нұрландырып, тұрғындарға шаттықты көңіл-күй сыйлады.

Ал аптаның жұмасы күні «Жасай бер тұғырлы Тәуелсіздік» атты орман шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, ветеринария мекемелерінің мәдениет күні орталық саябақ ішінде жалауын желбіретті. Құттықтау сөз сөйлеген өңір басшысы Қайрат Бисембаев: «Тәуелсіздік ең басты құндылығымыз. Біз Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қолжеткізгеннен кейін ғана елімізді нарықтық қиын өткелдерден өткізіп келеміз. Тәуелсіздік мерекесі – халқымыз үшін орны ерекше мереке. Мереке құтты болсын, ағайын!», - деді. Сөз кезегін жалғастырған Әміржан Андасбаев та ақжарма тілегін ақтарды. Мәдени шараны ерлер вокалдық тобының орындауындағы «Егемен елім» әні ашты. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі «Ашамайға отырғызу» дәстүрін көрсеткен ұжым көрермен қошеметіне бөленді. Сонымен қатар мәдени кеште әуезді ән әуелеп, өрнекті би биленді. Жергілікті өнерпаздарымызбен қоса эстраданың жаңа жанған жұлдыздары «ALEM BAND» тобы да өңір халқының көңіліне қуаныш ұялатты.

Қ. ҚОНЫСУЛЫ.



құтқа және шат көңілді балаға толуына тілектестігін білдірді. Кең қанат жайған «Мектепке жол» акциясы ауқымында қайырымдылық танытқан ауыл тұрғындары атынан сөз алған Қуанбек Оспанов аз қамтылған отбасының екі оқушысына қамқорлық көмегін көрсетті. Ізінше шағын концерттік бағдарламаға сай қуанышты бөлiсуге келген өнерпаздардың көмегімен әсем ән шырқалып, көркем би биленді. Әншілік өнерімен танылған Азат Жексенбековтың та-



«Өркендей бер, мәңгілік Қазақстан» атауымен Тәуелсіздігіміздің-25, Желтоқсан көтерілісінің -30 және мерейтойлық шаралар: Ж. Жабаевтың -170, Ө. Бөкейхановтың -150 жылдығы, Д. Рақышевтың -90, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына арналған Мәдениет күні Көлпе ауылында жалғасты. Мереке әуезді «Ауылдағы той» әнімен басталды. Жиналғандар алдында аудан әкімі Қайрат

тобының орындауындағы «Егемен елім» әні ашты. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі «Ашамайға отырғызу» дәстүрін көрсеткен ұжым көрермен қошеметіне бөленді. Сонымен қатар мәдени кеште әуезді ән әуелеп, өрнекті би биленді. Жергілікті өнерпаздарымызбен қоса эстраданың жаңа жанған жұлдыздары «ALEM BAND» тобы да өңір халқының көңіліне қуаныш ұялатты.

НҰР ОТАННАН АҚПАРАТ



■ «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының ұйымдастырумен, «Жастар Отанға» партиялық жобасы аясында аудандық мәслихат депутаты, фракция жетекшісі Г.Құйқалақова белсенді жастармен кездесу өткізді. «Ұрпақтар сабақтастығы» атты кездесуде Гүлшакіра Қожахметқызы келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты екенін айтып, жастар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

■ «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының желілік кестесіне сәйкес аудан әкімінің орынбасары Ж.Тасыбаев пен партияның аудандық филиалының есеп және статистика меңгерушісі Б.Сулейменова «Гладиус-Қаратал» ЖШС-нің жұмысшыларымен кездесу өткізді. Шарада Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы және Елбасы бес институционалды реформаны жүзеге асыру бағытындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспары бойынша қолға алынатын шаралар мен жобалары насихатталып, ұжым қызметкерлерінің салмақты сауалдарына ұтымды жауаптар беріліп, басқа да мәселелер талқыланды.

В текущем году, со строительством молочно – товарной фермы в ТОО «ТастобеАгроФуд» Тастобинского сельского округа, в хозяйство из Германии была завезена первая партия крупно – рогатого скота «симментальской» породы, имеющая мясо – молочное направление, которая в этом месяце начала давать свое потомство.

РАСТЕТ ПОГОЛОВЬЕ ПЛЕМЕННОГО СКОТА

Как отметил руководитель хозяйства Сабит Ахметов, до этого года у них производилась только растениеводческая продукция. В основном, на 700 га пашни выращивали кукурузу и люцерну. С нынешней весны здесь приступили и к животноводству. В связи с чем, в короткие сроки на базе бывшей совхозной фермы, которая бездействовала более двадцати лет, с восстановлением необходимой инфраструктуры, построен корпус здания, включающий доильный и ветеринарный залы, а также операторскую. Наряду с этим, восстановлены и перестроены животноводческие базы. Причем, сам молочный доильный зал оснащён инновационным оборудованием от известной международной компании «GEA». А его площадь позволяет поместить до 500 коров.



По словам руководителя, начальная партия сельхозживотных, состоит из 90 голов, от 11 из них в этом месяце уже получили приплод. Каждый новорожденный теленок весит в пределах 40 кг. Также, Сабит Нуржанович поделился тем, что завезенная порода КРС довольно устойчива к резко континентальному климату и полностью подходит для ее разведения в данной местности. В среднем, 1 корова «симментальской» породы дает по 6000 литров молока в год. А вес полутороговых бычков составляет порядка 600 кг. В скором времени будет завезена

очередная партия КРС. В целом же, планируется довести количество скота до 400 голов. На сегодняшний день, в хозяйстве насчитывается полсотни человек. Из них, 30 работают на ферме. Предприятие проявляет заботу о своих работниках, восстанавливают 3 бесхозных дома (1 – четырех и 2 – одноквартирных). В планах у руководства, по возможности и дальше восстанавливать заброшенные жилые здания для своих рабочих. В завершении нашей беседы, руководством были названы лучшие работники: главный зоотехник Кайрат Ниязбеков, который перед тем, как занять должность, прошел обучение в Голландии, доярки Риза Нарымбетова, Алия Назкы, скотники Айдын Алимжанов, Жаксылық Медетбеков, Ерик Абекеев, Тлеухан Видаманов и многие другие.

Н. ПРОВОДИНА

Тамыз кеңесі-2016

Өткен аптаның бейсенбiсiнде аудандық Мәдениет үйiнде тамыз кеңесi өткiзiлдi. Жиынға аудан әкiмi Қайрат Бисембаев қатысып, сөз сөйледi.

Ұстаз – ұлы есім

Кеңес шымылдығы ашылмас бұрын өңір басшысы мен қонақтар ауданның білім беру ұйымдары дайындаған көрмені аралады.

Тамыз кеңесінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясындағы қазақстандық мектеп: заманауи үлгі, даму үрдістері мен болашағы» тақырыбында негізгі баяндама жасаған аудандық білім бөлімінің басшысы - Қайрат Қасымов өңірдегі білім беру саласында жеткен жетістіктер мен тың жаңалықтар жайлы жан-жақты айтты.

Кеңес отырысында «Емелетке толмағандардың девиантты және делинквентті мінез-құлықтарының алдын алу заманауи әдіс-тәсілдері турасында» Қаратал аудандық ішкі істер бөлімінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция капитаны Е. Құрмансейтов, «Білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асырудағы кәшбасшылық және басқару» тақырыбында Ж.Молдағалиев атындағы мектептің директоры - С. Үсенова, «Нәтижеге бағытталған білім беру моделіндегі білім сапасын жетілдірудің жаңа бағыттары» жайлы М.Горький атындағы ОМ директорының орынбасары – Ж. Темірбекова, «Баланың тұлғасын қалыптастыруда отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі туралы» А.Пушкин ОМ ата-аналар комитетінің төрағасы - Б. Нүсіпбеков, «Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру үрдісін психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбында Лермонтов атындағы ОМ педагог-психологы – Т. Липаева, «Орта мектептерде үш тілді кіріктіріп оқыту: қазіргі жағдайы мен келешегі» жайында Р.Қошқарбаев атындағы ОМ мұғалімі, облыстық «Үздік педагог» байқауының ІІ орын иегері - Евгения Ким, «Патриотизм мен кәшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру – тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің негізінде жас маманның рөлі» жайлы Кәлпе ОМ дефектологы, жас маман – Е. Әбілов, «Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесіндегі кәшбасшылықтың рөлі» тақыры-

бында Жаңаталап ОМ 10-сынып оқушысы, облыстық «Махамбет оқуларының» жеңімпазы – Е. Нұрланбеков жарыссызге шықты.

Жиын барысында жас ұрпаққа білім беру жолында жемісті еңбек етіп жүрген бір топ ұстаздар марапатқа ие болды. Аудан әкімінің алғыс хаты А.Пушкин атындағы МДШО бар ОМ директоры – Д.Дүкежановаға, Лермонтов атындағы ОМ директоры - Л.Котоваға, М.Горький атындағы МДШО бар ОМ директорының орынбасары - Ж. Темірбековаға, Жамбыл атындағы ОМ директорының орынбасары – Д.Назкейге, С.Морозов атындағы №51 ОМГ мұғалімі - О.Мысқооваға табысталса, аудандық мәслихаттың марапатына Б.Римова атындағы МДШОБ ОМГ мұғалімі - Н.Қасымбаева, І.Есенберлин атындағы МДШОБ ОМ мұғалімі - Ж.Ра-



мазанова, М.Горький атындағы МДШОБ ОМ мұғалімі - А.Мун, Балалар шығармашылық орталығының мұғалімі - Г.Изекова, Елтай атындағы МДШО бар ОМ директорының орынбасары - Д.Мукеновалар бөленді. Ал, М.Горький ОМ -Қызырбек Өнербек, А.Пушкин ОМ - Айдын Баймұханов, І.Есенберлин ОМ - Самал Тлеубаева, №13 ОМ бастауыш сынып мұғалімі - Р.Есқожанова, «Мақсат» б/б тәрбиешісі - Ж.Жаманбаланова, «Нұр» б/б меңгерушісі - Б.Айнабекова, №25 б/б - М.Жауда, №97 б/б әдіскері - М.Наренбаева, Елтай ОМ бастауыш сынып мұғалімі – Б.Жанабаева, Оян орталау мектебінің бастауыш сынып мұғалімі - А.Есімбол аудандық білім бөлімінің марапаттарын иеленді.

Тамыз кеңесін қорытындылаған өңір басшысы Қайрат Бисембаев киелі өңірдің барша ұстаздар қауымына алдағы оқу жылында толайым табыстар мен сәттілік тіледі.

С. ДӘРКЕНБАЕВА

21 тамыз - спорт күні

Олимпиада ойындарымен айшықталған мереке

Жаздың соңғы айы, тамыздың үшінші жексенбінде Қазақстан халқы Спорт күнін атап өтеді. Бүгінде спортшылар қауымының мерекесі қазақ елінде кеңінен аталып өтеледі. Осы айтулы күнге орай аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Б.Берлинбаевты сөзге тарттық.

- Бағлан Қанапияұлы, биылғы спорт мерекесі төрт жылда бір келетін Олимпиада ойындарымен қатар келді. Өлемнің екі жүзден астам мемлекетінің үкілеген үміткерлері қатысып жатқан дүбірлі додаға барша ел көз тігіп отыр. Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында алауы тұтанған жазғы Олимпиадаға қатысатын Қазақстан құрама командасының сапында біздің ауданымыздың да өрендері бар. Олардың нәтижелеріне аз-кем тоқтала кетсеңіз?

- Еліміздің туы астында бақ сынаған 104 спортшының қатарында қараталдық зілтемірші М.Елисеева мен жеңіл атлет И.Иванов бар. Олар Атланта, Афины және Лондон олимпиадаларында өнер көрсеткен Михаил Юрченко, Сергей Филимонов және Владимир Седовтың жеңісті жолдарын жалғастыратынына сенімдімін. Маргарита 48 келі салмақ категориясында 5-ші орын алып, өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындады. Ал, ядро лақтырудан сынға түсетін Иван болса, бүгін снаряд серпу секторына шығады. Ол соңғы жылы дайындығын Португалия еліндегі білікті маманның (әлемдік деңгейдегі) қол астында жаттығып, көрсеткіштерін едәуір жақсартты. Қазірде ядроны 20 метрден астам қашықтыққа тұрақты түрде лақтырып тұрады, сондықтан көрсетер нәтижесі де тәуір болуы тиіс. Дегенмен, Вана жас болғандықтан оның алар олжасы Токио олимпиадасына деп келер деп ойлаймын.

- Кәсіби мерекелеріңізге басқа да қандай табыстармен келіп отырсыздар. Жалпы, биылғы жылы атқарылған жұмыстарға қысқаша шолу жасап өтсеңіз?

- Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ел азаматтарының өзін

сергек сезініп, денсаулықтарының мықты болуын қамтамасыз ету және олардың патриоттық сезімдерін ояту бағытында аудан орталығы мен ауыл округтерінде «Денсаулық» және «Олимпиада» күндері өткізілді. Сонымен қатар, Ел Президентінің бекіткен спорттық сынамалары қабылданды. Мектеп оқушылары спартакиадасы аясында волейбол мен баскетболдан, жеңіл атлетика мен Президенттік көпсайыстан, үстел теннисі мен тоғызқұмалақтан, қазақ күресі мен футболдан жарыстар өткізілді. Бұл кешенді бағдарламаға 16 оқу ордасынан 1800-ге жуық ұл мен қыз қатысты. Ауданымыздың жас спортшылары мектеп пен колледж оқушылары арасында өткен Алматы облыстық 8-ші жазғы спартакиадасында белсенділік танытып, спорттың көптеген түрлерінен жүлдегерлер қатарынан көрінді. Мемлекеттік мерекелер Ұлыстың ұлы күні «Наурыз» бен Қазақстан халықтары бірлігі күні, Отан қорғаушылар мен Ұлы Жеңіс күндері және Халықаралық балаларды қорғау күніне арналып жылма-жыл жарыстар жалауы көтеріліп тұрады. Көпшіліктің ойыны саналатын футболдан «Спорт-есірткіге қарсы!» ұранымен жасөспірімдер арасында «Былғары доп-2016» жарысы, Кеңестік дәуірден келе жатқан, бүгінде дәстүрге айналған ағайынды Анацкийлерді еске алуға арналған өңірлік аяқдоп турнирі, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейлі тойына орай ұйымдастырылған Қаратал ауданының футболдан XIX чемпионаты т.б. жарыстарды қанағаттанғандық сезіммен атап өтуге болады. Жетісу өңірі спортшыларының басын қосатын облыстық біріншіліктерде де өрендеріміз жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп, табысты өнер көрсетіп жүр. Әсіресе, жасөспірім



футболшыларымыз облыстық чемпионаттарда ойын көрігін қыздырып, жас ершеліктеріне қарай 1 - 3 орындарға иелік етті. Сол және басқа да спорттағы жетістіктеріміз туралы сіздердің басылымдарыңызда жиі жазылып тұратындықтан бәрін бірдей тізбелемей-ақ қояйын.

- Мемлекеттік қызметшілер мен ардагерлердің спортты өрге шығаруға қосып жатқан үлесі туралы не айтар едіңіз?

- Бұқаралық спортты дамытуда мемлекеттік қызметшілер мен ардагер спортшылардың еңбегі ерен. Олар денсаулықтарымызды шыңдау және жастарға үлгі-өнеге көрсету мақсатында спорт алаңдарына жиі келіп жаттығулар жасап тұрады. Соның арасында мемлекеттік қызметшілер мен ардагерлер арасында өткен облыстық спартакиадада жерлестеріміз жеңіске деген жігерлілік танытып, билік дәлізінде жүргендер командалық есепте 6-шы орын алса, қырықтың асуынан асып, жетпістің биігіне қол артқандар 3-ші орынды бағындырды. Жекелей сындарда топ жарған майталмандар қарасы да көп болды. Осындай жоғары жетістікке жетуге үлес қосқан азаматтарға рахметімді білдіремін.

- Соңғы кезде ауданымызда кең етек алған спорт түрлері пауэрлифтинг пен кір тасын көтеруге жігіттеріміз орасан зор жетістіктерге қол жеткізді. Осы жайлы айтып өтсеңіз?

- Иә, Америка Құрама Штаттарының Килен қаласында пауэрлифтингтен өткен әлем чемпионатында Дмитрий Чебанов 62 келі салмақ дәрежесінде дүние жүзінің үш бірдей рекордын жаңартып, әлем чемпионы атанды. Ал, Латвияның Даугавпилс шаһарында өткен Европа біріншілігінде жас ұлан Геннадий Сентябров 2-ші жүлделі орын алып, күміс медальді кеудесіне тақты. Сонымен бірге, Ресейдің Саха Якутия автономиялық Республикасында өткен «Дети Азии» халықаралық ойындарында желден жүйрік желаяқтар

Аружан Рақымберлина мен Виктория Бричевская және Николай Петров жүлдегерлер қатарынан көрініп, қаратал спортының болашағы жарқын екенін паш етті.



- Қыркүйек айында Риода әлемдік Паралимпиада ойындары өтеді. Соған орай қояр сауалым, бізде мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында спорттың насихатталуы қалай?

- «Жаман емес» деп айтар едім. Биылғы жылы спортшыларымыз облыстық чемпионатта жеңіл атлетика, пауэрлифтинг, тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат, нысана көздеу, суда жүзу сайыстарына қатысып, жалпы командалық тартыста 5-ші орынға ие болды. Ауданда олардың арасында спорттың жекелеген түрлерінен жарыстар өткізіліп тұрады. Өмірге құштар, жаны жайсаң жандарды қандай да шаралардан шет қалдырмауға тырысамыз.

- Ауданның спорттағы намысын абыроймен қорғап жүрген спортшыларымыздың жаттықтырушылары туралы не айтасыз?

- Толағай табыстарымыздың бастауында әрине тұғыры биік бапкерлер шоғыры тұр. Олардың жаттығу залдарында шүмектеп төккен терлерінің арқасында спортшыларымыз ел мақтанышына айналды. Аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің білікті мамандары Қазақстан Республикасы еңбегі сіңген жаттықтырушысы Дон Л.Н. бастаған, Пак Н.Е., Волков С.Б., Ерғосаев М., Ким Р.А., Бейсенов М., Туляндин А.С., Мутерко Д., Ольховский Д., Горяев Д., Нұржанов С., Жұмсақов Д., Шаповалов Д., Монина Л. т.б. қолтаңба қалдырған мүшелерінің еңбектері қандай да сый мен қошаметке лайық. Сөз соңында жаттықтырушыларымыз бен спортшыларымызды кәсіби мере-келерімен құттықтай отырып, олардың ал-дағы жетер жетістіктері биіктей берсін деймін!

Сұхбаттасқан Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

«Үздік балабақша-2016» байқауы өтті

Он бірінші тамыз күні Талдықорған қаласында «Үздік балабақша-2016» облыстық байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Сайысқа аудан, қалалардан 18 мектепке дейін ұжым қатысты. Байқаудың негізгі мақсаты аудандағы балабақшалар жұмысындағы жетістіктерді көрсетіп, жаңашыл-инновация жұмыстарын дәріптеу және тәжірибе алмасу болды. Байқауға қатысып, үшінші орынды иеленген Үштөбе қаласындағы № 97 балабақша ұжымының тәрбиешілері (басшысы Гүлшакира Құйкалақова) Қаратал ауданының мәртебесін көтерді. Ұжым қызметкерлері осы күнге дейін де балалардың қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарға көп үлес қосып, заман талабына сай болашақта адамгершілігі мол болатын азаматтар тәрбиелеу мақсатында бірқатар жетістіктерге қол жеткізді.

С. БЕЙСЕТБАЕВА, «Улыбка» тобының тәрбиешісі.

XIX чемпионат района по футболу (положение команд после VI тура)

Команды	И	В	Н	П	Мячи	Очки
«ЛОКОМОТИВ» г. Уштобе	6	5	1	0	23-2	16
«ДИНАМО» г. Уштобе	6	4	2	0	13-6	14
АО «КАРАТАЛ» Балпыкский с/о	6	3	3	0	26-5	12
«БАЙСЕЙТОВ» Жолбарыс батыра с/о	6	3	1	2	7-11	10
«САРЫБУЛАК» Елтайский с/о	6	3	0	3	15-15	9
«ЖЫЛЫБҰЛАҚ» Бастобинский с/о	6	2	1	3	7-9	7
«ЖАСТАР» г. Уштобе	6	2	0	4	10-14	6
«КӘЛПЕ» Жолбарыс батыра с/о	6	2	0	4	11-17	6
«ЖЕТЫСУ» г. Уштобе	6	1	0	5	2-18	3
В/Ч 55078	6	1	0	5	6-22	3

Лучшие бомбардиры:

Е. БЕИСЕМБАЕВ («Каратал») - 11 голов;
Б. ЕСЕТОВ («Локомотив») - 4;
Н. ЖЕКЕМБИЕВ («Сарыбулак») - 4.

Матчи VII тура состоятся 20 августа (суббота) в 17.00 и 18.30, и в воскресенье 21 августа в 17.00 и 18.30.

ЖДЕМ ВСЕХ ЛЮБИТЕЛЕЙ ФУТБОЛА!

Патриоттық жарыс

АЙДЫНДЫ ЕЛДІҢ АЙБЫНДЫ ЖІГІТТЕРІ

Алматы облысы жастар саясаты мәселелері басқармасы, жастар саясаты орталығы, «Жас Отан» ЖҚ Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Жастар-Отанға!» жобасы аясында Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кентіндегі № 12740 әскери бөлімшесінде өткен «Айбын» әскери-патриоттық, спорттық жарысында 18-23 жас аралығындағы жастар бақ сынады.



«Жас Отан» ЖҚ белсенді мүшелері, мемлекеттік және әскери қызметкерлер, ауған соғысының ардагерлері, әскери борышын өтеп жүрген жауынгерлердің қатысуымен өткен жарыстың мақсаты - жастарымыздың отанға деген сүйіспеншілігін күшейту, ескеден ұрпақпен жас жеткіншектердің Қазақстанға деген патриоттық сезімін ұлғайту, алғашқы әскери дайындық туралы мәлімет беру және жастар арасында салауатты өмір салтының құндылықтарын жоғарылату болды. Қатысушылардың салтанатты шеруі, ерлік сабақтары, экстрималды эстафета, арқан тартыс және де т.б қызықты ойындармен үйлесін тапқан шара екі күнге созылды. Бірінші күні ұйымдастырушылар жарысқа қатысушыларды № 12740 әскери бөлімшенің оқу жаттығу алаңына апарып, әртүрлі әскери қару-жарақпен таныстырып, ұрыс алаңында қалай қолдану керектігін көрсетіп, жастардың жауынгерлік шеберлігін шыңдай түсті. Кешқұрым алау маңына жиналған жастарға ерлік сабақтары жүргізіліп, ауған соғысы ардагері Ш. Нұрғалиев естеліктерімен бөлісе, келесі күні экстрималды эстафеталық жарыстарға жалғасты. Облыстың аудан-қаласынан қатысқан 9 команда жеңіс үшін барын салды. Қараталдың намысын қорғаған «Каратал қырандары» жүлделі II орынды иеленіп, жерлестерін қуантты. Команда құрамында болған Ж.Қалиев, Н. Мустафазада, Ж.Денкелбай, А. Мергенбаев, Б. Нұрбаев және Қаратал ауданы жастар ресурстық орталығының кеңесшісі М. Смағұлтар айтулы додада намысты қолдан бермеді. Жеңістерің құтты болсын, жерлестері!

Н. РАҚМЕТҚАЗЫНОВ, «Каратал ауданы жастар ресурстық орталығының» бас кеңесшісі.

ОРМАН ӨРТІНІҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Табиғатты қорғау заңнамасын сақтау өрттің алдын алу мақсатында шаруа қожалықтары мен жергілікті тұрғындарға ұйғарымдар, ескертпе, өрттің шығуы жайлы паракшалар таратылады. Өрт қауіпсіздігі маусымына орманшылықтардан, шаруа қожалықтарынан өрт сөндіретін ерікті жасқақтар ұйымдастырылады. Ауылдық округ әкімдерінің және жұмыскерлердің қатысуымен орман аумағын қорғау туралы жиналыс өткізіліп, орман алқаптарында өртті болдырмау шаралары бойынша табиғат жанашырларына қатаң талап қойылады. Демалушылардың өрт қауіпсіздігін сақтамауының салдарынан төтенше жағдай туындайтыны рас. Осы орайда мекеме қызметкерлері аймақты қатаң бақылап, сақтық шаралары мен тілсіз жаудың алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

Керкем де өсем табиғатымызды аялап, төтенше жағдайды болдырмау және адам қолымен жасалатын қасақана өрт қауіпінан қорғап қалу – әр адамның парызы.


Әбдіғали ТӨҢІРБЕРГЕН, №1 айналымының орман күтушісі.

Начало охотничьего сезона

Большинство видов охоты проводятся с применением оружия, представляющего повышенную опасность, поэтому каждый охотник обязан знать и четко соблюдать правила по технике безопасности на охоте и обращению с охотничьим оружием. Никогда, ни при каких обстоятельствах охотник не должен допускать нарушения указанных правил и помнить, что их соблюдение – это гарантия не только его личной безопасности, но и гарантия безопасности других граждан.

Как свидетельствует статистика, в течение охотничьего сезона регистрируются отдельные случаи нарушения правил охоты, перевозки, использования огнестрельного оружия, что приводит к ранениям, а часто и к гибели людей. Поэтому знание видов и способов охоты с применением охотничьего оружия, твердое знание и выполнение правил безопасности при обращении с охотничьим оружием и строгая дисциплина всех охотников при организации охоты являются главными условиями безопасности при обращении с охотничьим оружием и его использованием на охоте.

С. ФОМЕНКО, лесник cordона № 29 Уштобинского лесного хозяйства



Құттықтаймыз!



Барқыт Оразбекқызы Мұзабаеваны туған күнімен құттықтаймыз! Өулетінің сүйеніші, бауырларының қамқоры, адал дос бола білген құрбымыз талай асуларды табандылықпен алып, өмір бойы тапжылмай мемлекет қызметінде еңбек етіп, ел-жұртына білгір маман ретінде танылды. Еңбегі еленіп, ауданымыздың Құрметті азаматы атанды. Жүрген жерін той-думанға айналдырып, шаттыққа кенеліп жүрген қадірлі құрбымызға денсаулығы қуатты, ғұмыры ұзақ, көрер қуанышы молынан болсын деп тілейміз. Таусылмайды сізге айтар тілегіміз, Ақниет, адал жансыз білеріміз. Өмірдің бар ғажабын сезініңіз, Лайықты оған пәк жүрегіңіз.

Ізгі ниетпен құттықтаушылар: достары

Поздравляем!



Дорогую, любимую доченьку **Тавлы-Оглы Зарину** поздравляем с Днем рождения! Доченька, любовь ты наша, Обожаем мы тебя! Ты кровиночка, отрада, Для родителей награда! В день, когда ты родилась, В небе звездочка зажглась, И теперь горишь, сияешь, Нашу душу согреваешь. Пусть ангел жизнь твою хранит, Беда пускай тебя не знает, Пусть горе от тебя бежит, Друзья пускай не забывают. Пусть радость и веселый смех, Удача, нежность и успех, Как лучезарная звезда Тебе сопутствуют всегда!

С/п: мама, папа, бабушка с дедушкой и брат Николай

Дорогого, уважаемого **Кан Виктор Николаевича** от всей души поздравляем с юбилеем! Вам сегодня – 90, Это возраст мудрости большой. И чего Вам можно пожелать? Пусть здоровье будет крепким! Чтобы Ваши близкие всегда Были рядом с Вами каждый час И не покидали никогда, И любовью радовали Вас!

С/п: бывшие коллеги – коллектив Каратальского РайПО

Вниманию потребителей электроэнергии!

Уштобинский РЭС АО «ТАТЭК» информирует потребителей электрической энергии о том, что согласно плану ремонтно-эксплуатационного обслуживания, в августе месяце ожидаются отключения электроэнергии по нижеперечисленным населенным пунктам района и улицам города Уштобе: м/н «Шаньрак», ул Кузнецова, Кирова, Косенкова, Кульшикбаева. В селах Жанаталап, Оян, Айтү, Умтул, в/ч 30131 Работы будут производиться в дневное время с 08.00 ч. до 18.00 ч. Заранее приносим свои извинения за неудобства

Приглашаем посетить баню «Майра»

ДНИ РАБОТЫ: четверг, пятница, суббота, воскресенье с 10:00 до 22:00 часов.

ЦЕНА БИЛЕТА - 500 тенге. Детский до 3-х лет – 300 тг, для пенсионеров по четвергам и пятницам – 300 тенге.

САУНА (до 10 и более человек) работает ежедневно, круглосуточно. Цена 3000 тенге за 1 час.

Тел. 4-14-92, 8-771-469-24-11.

Мы находимся по ул. Рыскулова.

ЧТОБЫ НЕ ИСПОРТИТЬ СВОЙ ОДЫХ

Уважаемые жители и гости Каратальского района! Доводим до вашего сведения, что в этом году из-за паводков большая территория поймы реки Каратал была затоплена. В связи с этим, до сих пор почва не просохла, поэтому убедительная просьба не подъезжать близко к реке на автотранспорте, чтобы не нарушать верхний плодородный слой почвы, поскольку при пробуксовке этот слой снимается и потом необходимо длительное время для его восстановления и чтобы избежать неблагоприятных последствий, связанных с забуксовкой автомобиля. Также напоминаем, что начинается сезон сбора ягод, но при этом нужно быть особенно осторожным, поскольку из-за затопления насекомых и змеи выбрались на возвышенности. Будьте бдительны при ночевке в палатках, так как насекомые стремятся к теплу.

Отправляясь в лес, надо защитить себя от заполнения клещей, насекомых под одежду и присасывания их к телу. С этой целью рекомендуется использовать плотную одежду. С собой нужно иметь препараты, отпугивающие насекомых и нанести их на открытые участки кожи, рюкзаки и даже обувь. Необходимо регулярно проводить осмотр одежды и тела. Для стоянок следует выбирать сухие, незатемненные поляны вдали от кустарников и деревьев. Расчищать их от травы и не устраивать там свалки бытовых отходов. Соблюдайте технику безопасности во избежание пожара, будьте осммотрительны и тогда ничто не испортит вам отдых.

А. Захарченко, лесник 30 обхода.

Список лиц, уклоняющихся от оплаты административного штрафа

Нарушение	Ф.И.О. нарушителя	Сумма штрафа
Телефон, радиостанция	Кылханов Сагдат Нуржанович	10605
Курение в отдельных общест.местах	Колесников Виталий Андреевич	6363
Телефон, радиостанция	Сертай Аликбек Сериккулы	10605
Ремни безопасности	Ния Игорь Валентинович	10605
Распитие алког.напитков в общест.местах	Жанабилев Серик Сапарович	10605
Распитие алког.напитков в общест.местах	Аблицын Николай Трофимович	10605
Распитие алког.напитков в общест.местах	Прокофьева Зилья Раифовна	10605
Распитие алког.напитков в общест.местах	Шапавалов Григорий Викторович	10605
Управл. тс водителем,лишнным права упр.	Хван Евгений Миронович	21210
Нарушение физ.лицами тишины ночью	Юмшанов Андрей Яковлевич	10605
Нарушение правил содержания собак, кошек	Мусагиев Ерлан Маулоткалиевич	6363
Ремни безопасности	Сертай Аликбек Сериккулы	10605
Подача сигнала	Дарканбай Нурбақыт	10605
Упр.тс, не отвечающими устан. правилам	Болат Улыкпап	10605
Внеш.освет.приборы,звук сигналы	Гурджо-Оглы Хусейн Хасанович	10605
Распитие алког.напитков в общест.местах	Емельянов Евгений Николаевич	10605
Распитие алког.напитков в общест.местах	Имангазиев Канат Садыкович	10605
Действия ст.505 ч.1 повтор физ.лицами	Жанай Цэрэг	63630
Действия ст.440 ч.1,ч.2 повт.	Литау Татьяна Ивановна	21210
Упр. тс, не прош. техосмотр	Савилхаан Хуанбек	10605
Распитие алког.напитков в общест.местах	Кудрин Игорь Геннадьевич	10605
Ремни безопасности	Дерюгин Сергей Павлович	10605
Нарушение физ.лицами тишины ночью	Жапсарбаева Фарбез Бакбергеновна	10605
Нарушение физ.лицами тишины ночью	Жиенкулов Руслан Алейдарович	10605
Иные нарушения пдд	Ким Василий Иванович	6363
Телефон, радиостанция	Теньков Дмитрий Юрьевич	10605

Окончание в следующем номере

По всем вопросам обращаться в отдел административной практики ОАП Каратальского РОВД по адресу г. Уштобе, ул. Кabanбай батыра, 55, или по телефону 2-15-80.

А. САБУРОВ, инспектор АП ОАП Каратальского РОВД

УЧЕБНЫЙ ЦЕНТР "RAUZA"
КУРСЫ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

- За 10 мес 3 уровня сразу
- Разговорный, грамматика
- Встречи с американцами
- По окончании выдается сертификат
- Оксфордские учебники
- Проведение (Halloween, Christmas)
- Подготовка к КТА, IELTS

Тел: 8-705-863-69-85
Альфия Болатовна

Внимание, ОПМ!

Печальная статистика сообщает, что на автодорогах Алма-тинской области за 7 месяцев текущего года зарегистрировано 373 дорожно-транспортных происшествий с участием пешеходов, при которых 76 человек погибло и 331 получили повреждения (в минувшем году эти цифры составляли - 317-80-247). В том числе 38 ДТП, при которых водители скрылись с места совершения преступлений, 12 со смертельным исходом и 26 с потерпевшими. Во многих случаях виновниками аварий становятся сами пешеходы, которые грубо нарушают Правила дорожного движения – переходят дорогу в неполюженных местах или на красный свет. Нередко пострадавшие, находясь в нетрезвом состоянии, становятся «инициаторами» происшествий. До настоящего времени остаются не раскрытыми 4 ДТП со смертельным исходом в Каратальском, Панфиловском, Жамбылском районах и г. Капшагай. 15 ДТП с пострадавшими, из них: 5 ДТП в Енбекши-казахском районе, 3 в Илийском районе и г.Талдыкорган, 2-Каратальском, по одному в Каратальском и Талгарском районах. В связи с этим, с 15 по 20 августа на дорогах нашего района проводится ОПМ «Пешеход», направленное



на профилактику нарушений ПДД пешеходами. Уважаемые участники дорожного движения! Помните! Соблюдение правил на проезжей части – залог вашей безопасности. Будьте осторожны на дорогах!

Е. ЧАЛКАРОВ, инспектор ДПП МПС Каратальского РОВД

Еске алу

Памяти Басшибаевой Айсулу

Жизнерадостная и сильная, С гордо поднятой головой, Ты шагала по жизни - красивая, И мы все любовались тобой! Только жизнь, как недобрая мачеха, Пригубила и била не раз! И за это здоровьем заплачено, И огонь твой так рано угас... Столько боли ты вынесла, милая, Что хватило б на жизнь не одну! И с нуждой боролась постылою, Но с собой оставалась в ладу. Оставалась приветливой, доброю, Согривала всех ближних теплом!



Все, кому повстречалась дорогою, Будут помнить, родная, о том! Будут помнить улыбку прекррасную, Крепость духа, желание жить, Чтоб родным, словно солнышко ясное, Все дорожки-пути осветить! Жизнь твоя - словно песнь недопетая, Пусть продолжится там, высоко! Наша милая, добрая, светлая, Пусть душе твоей будет легко! В благодарной останешься памятью Всех, кто знал тебя, ты навсегда! Негасимым пусть, радужным пламенем Твоя в вечности светит звезда!

Людмила Исакова, Анастасия Миронова

Любим, помним, скорбим.

Тот день, когда свет в твоих глазах угас, И сердце перестало биться, Стал самым страшным днем для нас И мы не смогли с этим смириться. Из сердца катится слеза, Сжигает боль, кричит душа.



Мы так хотим вернуть тебя, Но сделать этого нельзя. Ушла от нас ты очень рано, Мы не смогли тебя спасти. Глубокая рана на сердце рана, Ушла от нас ты и оставила нам боль и печаль.

Муж, дети, внуки, родные.



18 августа исполняется два года со дня смерти нашего дорогого сына, брата, внука, **Иванова Дениса Владимировича.**

Тебя уже нет, а мы не верим, В душе у нас ты навсегда. И боль свою от той потери, Не залечить нам никогда. Великой скорби не измерить, Слезами горю не помочь. Тебя нет с нами, но на веки, В сердцах ты наших не умрешь. **Родители, брат, бабушки, дедушка.**

Ұмтыл ауылының тұрғыны болған аяулы ана, сүйікті апа, ардақты жар **Бабайбекова Күлсекер Көпбергенқызын** сағына еске аламыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

Сен болмасаң дүниеге келер ме едік? Бақыт толы өмірді көрер ме едік? Мына жалған мәңгілік болса, шіркін, Құшағыңды бақытқа бөлер едік. Сағындық, сіздің әрбір істеріңді шын, ана, Елес боп көздің, ойымыздан сөзің кетпейді,

Көңілің дархан, пейілің, сенің бал ана. Жан ана! Сізді тұрамыз жиі сағынып, Арада міне, кеткелі, ана, жыл өтті. Келеміз тағдыр салғанға үнсіз бағынып, Сағыныш ойға шарпытып нәзік жүректі.

Сағына еске алушылар: ұлдары, қызы, келіндері, немерелері.

27-тамызда, сағат 12:00-де «Дос» мейрамханасында берілетін аяулы анамыз Бабайбекова Күлсекер Көпбергенқызының асына құда-жекжат, туған-туыс, құрбыларын, көршілерді шақырамыз.

Үштөбе қаласының тұрғыны болған **Басшыбаева Айсулу Саметқызы** егер тірі болғанда 19-тамызда туған күнін тойлар едік. Амал не...

Айсулу, отбасыңа болдың пана, Жаксылық жасаушы едің әрбір жанға. Амал не, жоқсың бүгін ортамызда, Сағындық, Айсулу сені баршамызда. Көре алмай тіршіліктің көп қызығын, Тата алмай шаттық өмір тәттілігін, Жарқырап келе жатқан жұлдыз едің, Өттең-ай! Ерте солды-ау от - ғұмырын.

Асыл бейнең, Айсулу, әрқашанда есімізде!

Сағына еске алушылар: анасы – Мамиля, інісі – Әлім.

Елтай ауылының тумасы, Үштөбе қаласының тұрғыны болған **Байгулов Ерік Сулейменұлының** дүниеден өткеніне 28-тамыз күні 1 жыл болады. Сағына еске ала отырып, жаны жаннатта, топырағы торқа болсын дейміз.

Нұр жүзіңнен ақ жүрегің көрінген, Ғажайып жан, өте бардың өмірден. Көкейіңде кетті-ау талай арманың, Амал бар ма жазуына Алланың? Мына өмірдің опасыз, жалғанын-ай, Аңырап бала-шағаң қалғанын-ай. Көрер қызық әлі де көп еді ғой, Ерте гүлдеп, тым ерте солғаның-ай.

Еске алушылар: ата-анасы, жұбайы, қыздары - Еркежан, Жанерке, Фатима және бауырлары, туыстары.

28-тамыз күні, сағат 12:00-де «Бәйтерек» мейрамханасында берілетін Байгулов Еріктің асына туған – туыс, жора-жолдастарды, құда-жекжат пен қызметтестерін шақырамыз.